

Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп- гимназиясының 2024-2025 оқу жылындағы физика , информатика және музыка әдістемелік бірлестігінің жылдық есебі

2024-2025 оқу жылында физика , информатика және музыка әдістеме бірлестігінде жоғары білімді 13 мұғалім сабақ берді. Бірлестікте 4 педагог- зерттеуші, 5 педагог- сарапшы, 1 педагог – модератор, педагог -3. 29 тамыз күні бірлестік отырысы өткізілді, жылдық жоспар жасалды және жоспарға сай жылдық жоспар бойынша орындалды.

1. ❁ 22-23сәуір күні Түркістан қаласы «№33 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде « робототехникадан педагогтер арасында «ROBOTUR» V облыстық педагогтер байқауына 18 команда қатысты.

❁ "Qazygurt" құрама команда мүшелері, мектебіміздің информатика пәні мұғалімі Сайымқұлова Жадыра Мырзагелдіқызы FIRST LEGO LEAGUE CHALLENGE санаты бойынша байқаудың жалпы есептік кезеңінің жеңімпаздары атанып жүлделі I- орынды иеленіп, маусым кубогына ие болды.



2. ❁ QAZYGURT құрамасы инновациялық жобадан 1 орынды иеленсе, жалпы командалық есеп бойынша 3 орынды иеленіп Грекия мемлекетінде өтетін әлемдік чемпионатқа жолдама ұтып алды.

Жетекшісі: Информатика пәні мұғалімі Оразхан Бексұлтан

❁ QAZYGURT командасының жалпы құрамы

Нұралы Даянхан (Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп гимназия)10 «А» сынып

Сайлау Нұрасыл (Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп гимназия) 10 «А» сынып

Ділдәбек Аружан (Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп гимназия) 10 «А» сынып



3. 📅 2025 жылдың сәуір айының 18 күні Қазығұрт аудандық білім бөліміне қарасты Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназиясында “Тірек мектебі арқылы ауылдық аймақтардағы білім сапасын арттыру” тақырыбында облыстық семинар өтті.


Семинардың мақсаты:

Қоғамдық өмірге қалыптасқан, кәсіптік білім бағдарларын меңгеруге дайын, жоғары деңгейдегі көпмәдениетті тұлға қалыптастыру.

"Судың қасиеттері және тіршілік үшін маңызы" тақырыбында физика пәнінен кіріктірілген сабақ өтілді. Физика пән мұғалімі Жұманова М.

“Энергияның сырлы әлемі мен физикалық өзгерістер” тақырыбында сабақ өткізді. үйірме жетекшісі физика пәні мұғалімі Стыбаева И

Семинарға келген қатысушылар кең көлемде тәжірибе алмасып, нәтижелі кері байланыс жасады. Семинар жоғары деңгейде ұйымдастырылған деп бағаланды.



4. “Жұмысшы мамандықтар жылы” аясында ұйымдастырылған жалпы білім беру ұйымдарындағы 9 сынып оқушыларына арналған физика пәні бойынша облыстық олимпиаданың аудандық кезеңінен 1 орын алып, облыстық кезеңге жолдама Пернебаева Балауса. Жетекшісі: физика пәні мұғалімі Жұманова М




5. Қараша айында бірлестіктің «Цифрлық сауаттылық және физикалық әлем» тақырыбында онкүндік өтті. Онкүндікте жоспарланған барлық ашық сабақтар, интеллектуалдық сайыстар өткізілді. Пән мұғалімдері белсене қатысып түрлі ойындар ұйымдастырды.



6. «Тәуелсіздік мәңгі болсын тұғырың» атты облыстық пікірсайыс турнирінің аудандық кезеңінен жоғары нәтиже көрсеткені үшін 9 сынып оқушыларынан құралған « Сана командасы» ІІ дәрежелі дипломмен, «Голос разума» командасы ІІІ дәрежелі дипломдарымен марапатталды.

Жетекшісі: Демеуова Гаухар Кумисбековна.



Жыл соңында қорытындылай келе физика пәнінің 7-11 сыныптар аралығындағы білім сапасы 63%, орта баллы: 3,6 құрады.

Жалпы алғанда бірлестіктің жылдық жоспарының орындалуы қанағаттанарлық деп танылды.

. IV ші тоқсанның қорытындысына тоқтала келе, үшінші тоқсанда жалпы 60 пайызды құраса, төртінші тоқсанда 63 пайызды құрап, 3 пайызға жоғарылағанын көруге болады. Оқушыларды оңай әрі пайдалы әдістерді қолдана отырып білім сапасын арттыру.

Жетістіктерге тоқтала келе ӘБ бойынша Үздік Ұстаз деп Оразхан Б. танылды, ол жыл басынан бері бірнеше аудандық, облыстық, халқаралық жоғары дәрежеде жетістіктерге жетіп, белсенді түрде түрлі байқауларға қатыса отырып өз нәтижесімен бөлісіп отырды.

Бірлестік жетекшісі: Жуманова М.

Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы

**Қ. Тұрсынқұлов атындағы
мектеп-гимназиясының
2024-2025 оқу жылындағы физика,
информатика әдістемелік
бірлестігінің жылдық есебі**

2024-2025 о.ж.